

Алпамыс батыр атындағы № 40 мектеп-гимназиясы



М.Қ. Алтынбаевтың 70 жылдығына орай

# «Ердің атын ел шығарар»

атты ашық сабақ пен әскери патриоттық сайыс

**Жүргізуші:** АӘД пәнінің жетекшісі Ж.К.Мырзахмет

Шымкент – 2015 ж.

## Сабақтың тақырыбы: Халық қаһарманы, армия генералы М.Қ. Алтынбаевқа

### 70 жыл

**Мақсаты:** Халық қаһарманы, армия генералы Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевтың өмірбаяны туралы оқушыларға мағлұматтар беру, патриоттық сезімі жоғары, қайсар жауынгер аға ерлігін үлгі тұту, есімін құрметтеуге тәрбиелеу, елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Көрнекіліктер:** залда ұлағатты сөздер жазылған. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» т.б.

**Өтетін орны:** мәжіліс залы.

#### 1. АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының Ж.К. Мырзахметтің алғы сөзі.

Армия генералы М. Алтынбаев 1945 жылы 10 желтоқсанда Қарағанды қаласында туылған.

Офицерлік қызметін әуе шабуылынан қорғаушы жойғыш авиациялық полкының ұшқышы болып бастаған. Одан кейін авиациялық звено командирі, авиациялық эскадрилия командирі, авиациялық полк командирінің орынбасары, әуе шабуылынан қорғау жойғыш авиациялық полк командирі қызметтерінде болды.

1985 жылы әуе шабуылынан қорғаушы Әскери командалық академиясын бітірді. 1992 жылы әуе шабуылынан қорғаушы корпус командирі – ҚР қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды.

ҚР президентінің ұсынысымен 2007 жылы 10 қаңтарда штаб бастықтары комитетінің төрағасы – ҚР қорғаныс министрінің бірінші орынбасары етіп тағайындалды.

«Әскери ұшқыш – мерген» деген квалификациясы бар.

ҚР президентінің жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берліген.

Мұхтар Алтынбаев - әскери ұшқыш, Халық қаһарманы, екі мәрте ҚР қорғаныс министрі лауазымын атқарды. Бүгінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты. Қазақстан армиясы қатарындағы сарбаздар үшін Мұхтар АЛТЫНБАЕВ жауынгерлік ерлік пен даңқтың, абыройлы міндеттің ерекше үлгісі саналады. Мұхтар Алтынбаев жарты ғасырға жуық еліміздің армиясы қатарында әскери қызметін абыроймен атқарды. ҚР Қарулы Күштерінің Жоғары Бас Қолбасшысы - Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіз Қазақстан армиясының құрылымын нығайтуға және жауынгерлік қабілетін арттыруға, әскери оқу орындарын ашуға, әскерлерді қару жарақ пен әскери техникамен жабдықтауға ерекше үлес қосты. Сондықтан, бүгінгі Қазақстан Қарулы Күштерінің жетістігі мерейтой иесінің есімімен қатар аталады. Мұхтар Алтынбаев барлық жауынгерлік ұшақтарда ұшты, көк аспан төрінде 3500 сағат болып, 7500 ұшуларды орындады.

Елін сүйген ер, халық қаһарманы, армия генералы М.Қ. Алтынбаев.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың нағыз ерлерді, бойына асқақ адамгершілік қасиеттерді жинаған және сол қасиеттерді жоғары бағалап, құрметтеген азаматтарды, яғни елі үшін ерлік жасаудан тайсалмайтын қазақтың рухы асқақ, өр мінезді ұлдарын жанына тартуы – көрегенділіктің көрінісі болса керек. Осындай ерлердің қолдауының арқасында Елбасының бастамалары жоғары дәрежеде орындалып, әлем мойындаған үздік нәтижеге жетіп отырмыз. Бұл ретте Мемлекет басшысы ерекше сенім артқан қайраткерлердің бірі – Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев.

Бүгінде өзінің әскери әзірлігі мен техникалық жарақтануы деңгейі жағынан әлемнің алдыңғы қатарлы армияларымен иық теңестіре алатын дәрежеге жеткен Қазақстан Қарулы күштері ешкімге ұқсамайтын қалыптасу мен кемелдену жолынан өтті. Бұған алдымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сеніп тапсырған Қазақстан Қарулы күштері қолбасшылығының қойылған міндетті сапалы әрі уақтылы орындай білуінде жатыр.

Қазақстан армиясы үшін алғашқы онжылдық шын мәнінде, осыған дейінгі мемлекеттік жүйенің тәжірибелерін есепке ала отырып, мүлдем жаңа қорғаныс жүйелерін құруға, оның құрылысының негізгі қағидаттарын айқындауға бағытталған жан-жақты әзірлікке жұмсалды. Осынау қорғанысымызды бекемдеген ауқымды жұмыстардың басы-қасында Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев жүрді.

Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев 1945 жылдың желтоқсан айының 5-жұлдызында Қарағанды қаласында дүниеге келген. Әкесі осы қаладағы №12 шахтаның директоры, ал анасы бала тәрбиесі мен үй шаруасындағы әйел болған. Алғашқы еңбек жолын 1962 жылы шахта жұмысшысы болып бастаған ол бұл жұмысын 1969 жылға дейін атқарған. Кейіннен оның өмір жолы қызығынан қиындығы мен машақаты мол, аса зор төзімділік пен батырлықты қажет ететін әскер саласымен байланысты. Ол 1969 жылы Армавир әуе қорғанысы саласындағы ұшқыштардың жоғары училищесіне түседі.

Оқуды сәтті аяқтай салысымен, Пермь қаласындағы жойғыш авиациялық полктің ұшқышы, звено командирі, эскадрилья командирі және осы полктің командирі қызметтерін атқарады. 1982 жылы генерал Г.Жуков атындағы Әскери командалық академиясының тыңдаушысы болған. Ал академияны тәмамдағаннан соң, яғни 1985 жылы Түркістан әскери округінің әуе қорғанысы корпусы командирінің орынбасары, кейіннен дивизия командирі қызметін атқарған.

Мұхтар Қапашұлының айтуынша, 1985 жылы Маршал Жуков атындағы Әуе шабуылына қарсы қорғаныс Әскери командалық академиясын бітіргеннен кейін жеті жыл бойы Түркістан әскери округінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс дивизиясының командирі, содан кейін корпус командирі секілді атқарған қолбасшылық қызметтері оның кәсіби тұрғыда пісіп-жетілуіне, шыңдалуына үлкен септігін тигізген. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Мұхтар Қапашұлы елге оралып, Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен және тікелей басшылығымен құрыла бастаған Қарулы күштеріміздің қалыптасуына белсене атсалысты.

1992 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары – Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қолбасшысы, 1993 жылғы қарашада Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы болды.

Ол екі мәрте Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымын атқарды. Яғни 1996-1999 жылдары және 2001-2007 жылдардағы Қазақстан Қарулы күштерінің нормативтік-құқықтық тұрғыда нығайту және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің дамуы Алтынбаевтың министр лауазымын атқарған кезеңімен тұспа-тұс келді.

2007-2010 жылдары Қазақстан Қарулы күштері Бас штабының бастығы ретінде әскердің жауынгерлік даярлығына және оның кәсіби шыңдалуына үлкен басымдық берді.

Осылайша, ол – еліміздің ең бір қиын-қыстау, яғни өтпелі кезеңдерінде мемлекет қалыптастыру ісіне қатысып, Елбасының сенімін ақтай білген жан. 2006 жылы 6 мамырда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қорғаныс министрі, армия генералы Мұхтар Алтынбаевқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – Халық Қаһарманы атағын беруі осының айқын дәлелі болса керек.

Мұхтар Алтынбаевтың болмысы, батырлығы адамгершілікпен астасып жатқан қасиеттері туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының депутаты. Жалпы, Мұхтар Алтынбаевтың өмірінде былайғы жұрт біле бермейтін жайттар көп. Қорғаныс министрінің АҚШ-тан алынған «Хаммер» әскери көлігін қалай жүйткітетінін теледидардан көрсек, Америкадан келген әскери ұшаққа мініп, кейбір жаттығу элементтерін өзі жасағанына да қалың көпшілік куә болды. Сонымен қатар, 1996 жылы Қазақстанның делегация құрамында АҚШ-қа барған сапары кезінде Қазақстандық әскерилер Аризона штатының резервте тұрған эскадрильясында, одан соң әскери әуе күштерінің академиясында болған кездерінде Мұхтар ағаның америкалық «F-16» ұшақтарын көргенде осылармен бір самғап көрсем деген құмарлығының оянғанын да жасыра алмаған. Сөйтіп ол «Сіздердің мына ұшақтарыңызбен бір ұшып көруге болар ма екен?» деп сұранған.

Америкалық әскерилер бір сәт не айтарларын білмей аңтарылып тұрып, ақыры олар өз шешімдерін бір тәуліктен кейін айтып, ресми түрде арнайы рұқсат беріп, қазақ ұшқышына өздерінің жауынгерлік ұшақтарымен ұшуға мүмкіндік жасады. Сол кезде АҚШ-тың Қорғаныс министрі Пьери: «Американың тарихында біздің жерімізге бірде-бір шетелдік ұшқыш бомба тастап көрген жоқ еді, сіз соның алғашқысы болдыңыз» деп қазақ генералының ұшу шеберлігіне риза болғандығын жасыра алмаған. Сол сәтте сөзге де, ойға да жүйрік Мұхтар Алтынбаев «Ризашылығыңызға рақмет! Біздің тәуелсіз Қазақстанымыз бен сіздердің Америка жерінің тек оқу-жаттығу полигондарына ғана бомба тасталатын болсын» деп тауып айтқан сөзіне америкалық әскерилер соншалықты шын ризалығын білдіріп, дуылдата қол соққан.

«Ер елімен мақтанады, ел ерімен мақтанады». Елі мақтаған даңқты ер биыл желтоқсан айында өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтуде. Саналы ғұмырын еліміздің қорғанысын нығайтып, әскеріміздің айбынын асқақтатуға арнаған Мұхтар аға бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты. Ол халық қалаулысы ретінде азаматтардың мұң-мұқтажын жоғары мінберден көтеріп, мемлекетіміздің қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мүдделерін белсене қорғап келеді.

## **2. Әскери патриоттық сайысы**

### **3.Мерекеге арналған концерт**

Дайындаған:

№ 40 мектеп-гимназиясы АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы  
Жүрсінәлі Мырзахмет